

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Органикалық синтез және көмір химиясы институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 сәуір N 470

"2000-2001 жылдары жекешелендіруге жататын республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 маусымдағы N 912 қаулысынорындау үшін және "Республикалық меншіктегі жоғары оқу орындарын және ғылыми-техникалық саланың ұйымдарын акционерлік қоғамдар етіп қайта ұйымдастырудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1191 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Органикалық синтез және көмір химиясы институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны оның жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыздық қатысуымен "Қазақстан Республикасының органикалық синтез және көмір химиясы институты" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Қоғам) қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қоғам жарғысын бекіту кезінде қызметінің негізгі мәні: органикалық синтез және көмір химиясы саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу; жаңа материалдар мен органикалық синтез және көмір химиясы әдістерін әзірлеу; шикізат ресурстарын қайта өңдеудің экологиялық қолайлы өндірістерінің ғылыми негіздерін жасау; консультациялық қызмет көрсету деп айқындалсын;

2) Қоғамды мемлекеттік тіркеуден кейін белгіленген тәртіппен шығарылған жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінің 25 пайызынан кем емес сомаға акциялардың кейінгі эмиссияларын шығару жолымен оның жарғылық капиталын ұлғайту шараларын қабылдасын. Акциялардың кейінгі эмиссиясын орналастыруды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1191 қаулысымен бекітілген Республикалық меншіктегі жоғары оқу орындары мен ғылыми-техникалық саладағы ұйымдарды акционерлік қоғамдарға қайта ұйымдастыру ережелеріне сәйкес жүргізісін;

3) осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген іс-шаралар орындалғаннан кейін акциялардың мемлекеттік пакетінің бір бөлігін жарғылық капиталдың 45 пайызы мөлшерінде сатуды жүзеге асырсын;

4) Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне берсін;

5) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 1 ж ы л ғ ы 7 с ә у і р д е г і

№ 4 7 0 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж. N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесіндегі:

"Қарағанды облысы" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 214-6-жолмен толықтырылсын:

"214-6. "Органикалық синтез және көмір химиясы институты" ЖАҚ".

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына:

көрсетілген қаулымен бекітілген Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесіндегі:

"Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" бөлімі мынадай

мазмұндағы реттік нөмірі 222-4-жолмен толықтырылсын:
"222-4. "Органикалық синтез және көмір химиясы институты" ЖАҚ".
4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1111 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК